

Ашық диалогтың интернет-порталында жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 145 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 сәуірде № 22660 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2025 жылғы 28 наурыздағы № 115-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 28.03.2025 № 115-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-2-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 14.03.2023 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ашық диалогтың интернет-порталында жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Мемлекет пен қоғам коммуникацияларын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрі

А. Балаева

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы қызмет)

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Республикалық бюджеттің атқарылуын
бақылау жөніндегі есеп комитеті

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрі
2021 жылғы 28 сәуірдегі
№ 145 Бұйрықпен
бекітілген

Ашық диалогтың интернет-порталында жұмыс істеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ашық диалогтың интернет-порталында жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-2-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және ашық диалогтың интернет-порталында жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 14.03.2023 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) ашық диалогтың интернет-порталы (бұдан әрі – Портал) – мемлекет жүз пайыз қатысатын тұлғаларды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілері бірінші басшыларының блог-платформасы арқылы ақпарат пайдаланушылардың сұрау салуды жіберу, сондай-ақ ақпарат пайдаланушылардың интернет-конференцияларға және сауалнамаларға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ететін ақпараттандыру объектісі;

2) ашық диалог интернет-порталының автоматтандырылған жұмыс орны (бұдан әрі – АЖО) – "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның операторы ұсынатын, баптауларды және ашық диалогтың интернет-порталында орналастырылатын контентті басқаруға арналған қосымша;

3) мемлекеттік органның немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің әкімшісі (бұдан әрі – әкімші) – мемлекеттік органның немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің ақпарат пайдаланушылардың интернет-конференциялар өткізуге қатысты өтінімдерін, сондай-ақ мемлекет жүз пайыз қатысатын тұлғаларды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілерлерінің бірінші басшыларының блог-платформасындағы сұрау салуларды қарау жөніндегі жұмысын ұйымдастыратын мемлекеттік органның немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің өкілі;

4) мемлекет жүз пайыз қатысатын тұлғаларды қоспағанда, квазимемлекеттік сектор субъектілері бірінші басшыларының блог-платформасы (бұдан әрі – Блог-платформа) – азаматтардың сұрау салуды жіберу және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларынан оларға жауап алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін ақпараттандыру объектісі;

5) модерация – әкімшінің ақпарат пайдаланушылардың сұрау салуларын Заңның талаптарына сәйкестігі нысанында өңдеуі;

6) ақпарат пайдаланушы – ақпаратты сұрататын және (немесе) пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;

7) сұрау салу – ақпарат иеленушіге Заңда белгіленген тәртіппен айтылған немесе жіберілген ауызша немесе жазбаша нысандағы, оның ішінде электрондық құжат түріндегі ақпарат беру туралы өтініш;

8) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның операторы (бұдан әрі – Оператор) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, өзіне бекітілген "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жүктелген заңды тұлға;

9) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесі" болып табылатын ақпараттық жүйе.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 14.03.2023 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Ақпарат пайдаланушылардың блог-платформа арқылы сұрау салуларды жіберу тәртібі

3. Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшыларына блог-платформа арқылы жіберілетін сұрау салулар ақпарат пайдаланушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

Сондай-ақ ақпарат пайдаланушылар "электрондық үкіметтің" веб-порталында есепке алу жазбалары болған және оған ұялы байланыс операторы берген ақпарат пайдаланушының абоненттік нөмірі қосылған кезде сұрау салу жібереді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 14.03.2023 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Әкімші Блог-платформаға келіп түсетін сұрау салуларды жаңғыртуды жүргізеді.

Құзыретіне сұратылатын ақпарат беру кірмейтін ақпарат иеленушіге келіп түскен жазбаша сұрау салу ол келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде тиісті ақпарат иеленушіге жіберіледі, бір мезгілде бұл туралы сұрау салуды жіберген ақпарат пайдаланушы хабардар етіледі.

Заңның 11-бабына сәйкес келмейтін сұрау салуларды әкімші Блог-платформаға келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде қайтарады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 14.03.2023 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Егер сұрау салу қарауға қабылданған жағдайда, жауап ақпарат пайдаланушыға квазимемлекеттік сектор субъектісіне келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде беріледі.

Егер сұрау салынған ақпарат бірнеше ақпарат иеленушінің құзыретіне кіретін және жазбаша сұрау салуға жауап беру кезінде өзге ақпарат иеленушілерден ақпарат алу талап етілетін болса, қарау мерзімін ақпарат иеленушінің басшысы бір мәрте күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін, бұл туралы ақпарат пайдаланушыға қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде хабар беріледі.

Заңның 11-бабының 16-тармағында көзделген негіздер бойынша сұрау салу жөнінде ақпарат беруден бас тартылған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісі сұрау салу тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ақпарат пайдаланушыға уәжді жауап береді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 14.03.2023 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Квазимемлекеттік сектор субъектісінен өз сұрау салуына жауап алған ақпарат пайдаланушы оның сапасын бағалай алады.

Бағалау "Ұнайды" не "Ұнамайды" деген белгілер арқылы жүргізіледі. "Ұнамайды" деген батырманы таңдаған кезде ақпарат пайдаланушы себебін көрсетеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 14.03.2023 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Ақпарат пайдаланушының интернет-конференциялар мен сауалнамалар өткізуге қатысу тәртібі

7. Порталда интернет-конференция немесе сауалнама өткізу үшін мемлекеттік орган мен квазимемлекеттік сектор субъектісі Операторға осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес толтырылған шаблонды ол басталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын жібереді.

8. Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері Порталда тиісті сілтемелерді көрсете отырып, ресми интернет-ресурста және (немесе) жалпыға бірдей қолжетімді интернет-ресурстарда:

1) оны өткізу күніне дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын интернет-конференция өткізу туралы;

2) Порталда оны іске қосқан күннен бастап бір жұмыс күні ішінде сауалнама жүргізу туралы құлақтандыруды орналастырады.

Сауалнама жүргізу ұзақтығы бір айдан асқан жағдайда, құлақтандырулар кемінде екі аптада бір реттен сиретпей орналастырылады.

9. Интернет-конференцияны өткізу ұзақтығы бір жұмыс күнінен кем болмауы тиіс.

Интернет-конференция барысында сұрақтар келіп түскен кезде жауаптарды мемлекеттік орган мен квазимемлекеттік сектор субъектісі ол аяқталғанға дейін береді.

10. Ақпарат пайдаланушылар Порталда "Интернет-конференцияның тақырыбын құру" сервисі арқылы тиісті мемлекеттік органдар мен

квазимемлекеттік сектор субъектілеріне интернет-конференция өткізуге еркін нысанда өтінім береді.

Әкімші өтінімді бес жұмыс күні ішінде қабылдайды не егер өтінім мемлекеттік органның құзыретіне немесе квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметінің бағыттарына сәйкес келмеген жағдайда, өтінімді қабылдаудан бас тарту туралы уәжді жауап береді.

11. Сауалнама жүргізудің ұзақтығы он жұмыс күнінен кем болмауы тиіс.

12. Мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлеріне АЖО-ға кіруге рұқсат Оператор мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өтінімдері негізінде береді.

13. Оператор мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің уәкілетті қызметкерлеріне Порталда жұмыс істеу үшін АЖО-ны пайдалану бойынша оқытуды жүргізеді.

Ашық диалогтың интернет-
порталында жұмыс істеу
қағидаларына
1-қосымша

Интернет-конференцияны өткізу шаблону

Ашылу күні	
Жабылу күні	
Қазақ тіліндегі атауы	
Орыс тіліндегі атауы	
Ағылшын тіліндегі атауы (қажет болған кезде)	
Қазақ тілде қысқаша сипаттама	
Орыс тілінде қысқаша сипаттама	
Ағылшын тілінде қысқаша сипаттама (қажет болған кезде)	
Қазақ тіліндегі сипаттамасы	
Орыс тіліндегі сипаттамасы	
Ағылшын тіліндегі сипаттамасы (қажет болған кезде)	
Жауапты қызметкер (модератор) – тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендеру нөмірі, лауазымы, байланыс деректері (электрондық жұмыс поштасы және телефоны)	

Ашық диалогтың интернет-
порталында жұмыс істеу қағидаларына
2-қосымша

Сауалнама жүргізу шаблону

№ 1 сауалнама	

Санаты	
Сауалнаманың қазақ тіліндегі атауы	
Сауалнаманың орыс тіліндегі атауы	
Сауалнаманың ағылшын тіліндегі атауы (қажет болған кезде)	
Іске қосу күні	
Аяқталу күні	
№ 1 сұрақтың қазақ тіліндегі атауы	
№ 1 сұрақтың орыс тіліндегі атауы	
№ 1 сұрақтың ағылшын тіліндегі атауы (қажет болған кезде)	
№ 1 жауаптың қазақ тіліндегі нұсқасы	
№ 1 жауаптың орыс тіліндегі нұсқасы	
№ 1 жауаптың ағылшын тіліндегі нұсқасы (қажет болған кезде)	
№ 2 жауаптың қазақ тіліндегі нұсқасы	
№ 2 жауаптың орыс тіліндегі нұсқасы	
№ 2 жауаптың ағылшын тіліндегі нұсқасы (қажет болған кезде)	
№ 3 жауаптың қазақ тіліндегі нұсқасы	
№ 3 жауаптың орыс тіліндегі нұсқасы	
№ 3 жауаптың ағылшын тіліндегі нұсқасы (қажет болған кезде)	
№2 сұрақтың қазақ тіліндегі атауы	
№ 2 сұрақтың орыс тіліндегі атауы	
№ 2 сұрақтың ағылшын тіліндегі атауы (қажет болған кезде)	
№ 1 жауаптың қазақ тіліндегі нұсқасы	
№ 1 жауаптың орыс тіліндегі нұсқасы	
№ 1 жауаптың ағылшын тіліндегі нұсқасы (қажет болған кезде)	
№ 2 жауаптың қазақ тіліндегі нұсқасы	
№ 2 жауаптың орыс тіліндегі нұсқасы	
№ 2 жауаптың ағылшын тіліндегі нұсқасы (қажет болған кезде)	
№ 3 жауаптың қазақ тіліндегі нұсқасы	
№ 3 жауаптың орыс тіліндегі нұсқасы	
№ 3 жауаптың ағылшын тіліндегі нұсқасы (қажет болған кезде)	
№ 3 сұрақтың қазақ тіліндегі атауы	
№ 3 сұрақтың орыс тіліндегі атауы	
№ 3 сұрақтың ағылшын тіліндегі атауы (қажет болған кезде)	
№ 1 жауаптың қазақ тіліндегі нұсқасы	

№ 1 жауаптың орыс тіліндегі нұсқасы	
№ 1 жауаптың ағылшын тіліндегі нұсқасы (қажет болған кезде)	
№ 2 жауаптың қазақ тіліндегі нұсқасы	
№ 2 жауаптың орыс тіліндегі нұсқасы	
№ 2 жауаптың ағылшын тіліндегі нұсқасы (қажет болған кезде)	
№ 3 жауаптың қазақ тіліндегі нұсқасы	
№ 3 жауаптың орыс тіліндегі нұсқасы	
№ 3 жауаптың ағылшын тіліндегі нұсқасы (қажет болған кезде)	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК